


| | | |
|---|---|---|
| **Ә.Б отырысында қаралды №__хаттама** | **Келісемін** | **Бекітемін** |
| Ә.Б жетекшісі | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Мектеп директоры |
| Г. Аманбек | Г.Т. Құрманбай | Б.Н. Усманов |
| ____________________ | ____________________ | ____________________ |
| «28» ___09_____2024ж | «29» ___08_____2024ж | «__» ___08_____2024ж |

**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы**
**№72 жалпы орта білім беретін мектебі ШЖҚ МКК**
**Күнтізбелік – тақырыптық жоспар**
**«Тоғызқұмлақ» үйірмесі**

**Сыныптар:** 1-11сыныптар
**Сағат саны :** 102
**Үйірме жетекшісі:** Беркинбаев Т.А.

2024-2025 оқу жылы

## Түсінік хат

Тоғызқұмалақ – қазақта кең тараған, өте қызықты, ойлы ойын. Қаратау қазбаларының арасынан табылған тас «қазан» осы тоғызқұмалақты еске салады. Бұл ойын Қырғызстанда, Монголияда, Қарақалпақстанда, Өзбекстан қазақтарының арасында, алыс шетел қазақстанның арасында қатты дамыған. Бұл бас шынықтыратын ойынды біздің ұлттық «шахматымыз» десе болғандай. 162 таспен ойналатын осы бір ойлы ойынның жоғалып кетпеуіне кезінде академик - жазушы Мұхтар Әуезов, халық артисі Қалибек Қуанышбаев, техника ғылымының кандидаты М. Ибраев пен шахматшы Е. Браундардың сіңірген еңбектері өте зор. Тоғызқұмалақтан алғашқы республикалық жарыс 1948 жылы өткізіліп, жарысқа халық ойынының шеберлері Абайдың немересі Ысқақов (Семей), Аңдамас Жөкеев (Қарағанды), Оспан Қаржауов (Семей), Шорман Өтегенов (Жамбыл) сияқты тоғызқұмалақшылар қатысты.

Республиканың тұңғыш чемпионы Ш. Өтегенов болды. 1948-1960 жылдар аралығында Қазақстан аймағында көптеген біріншіліктер өтті. Осы кезеңдерде қатарынан алты жыл бойы Жамбыл облысының өкілі Рахымбай Ахмамбетов бірінші орынды жеңіп алып отырды. Кейін көп жылдар бойы бірінші орынды В. Поляков пен Қасымов алма кезек жеңіп алып отырды. Халқымыздың кемеңгер ақыны Абай кезінде тоғызқұмалақтың аса шебер ойыншысы болған.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғызқұмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Қырғызстанда мектептерде тогуз-коргоолдан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда. Сондай-ақ көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада үйірмелер ашылып, Еуропаның бірнеше елдерінде тоғызқұмалақ ойнап жатыр деген дерек бар.

Қазір әлемде тоғызқұмалаққа ұқсас мысырлық *калах*, Моңғолияда *эсон коргоол,* Шри-Ланкада *олинда калия*, африкалықтарда *манкала, габата, абапа, нам-нам, бао, тамподуо, омвесо, маработ*, тұрақты америкалықтарда *аджи-бато, варри роунд* және *роунд*, азиялықтарда *сунка, паллангули, гонгкак* сынды ойындар бар.

Қазіргі таңда республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғызқұмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған.Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президент Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғызқұмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев деген азаматтар есімін атау тұрарлық.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғызқұмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғызқұмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғызқұмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді.

## Тоғызқұмалақтан үйірме жұмысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

## 2024-2025 оқу жылы.

| Р/с | Тақырыбы | Сағат саны | Өтілетін күні | Күтілетін нәтиже | Методикалық нұсқаулар |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек айы** | | | | |
| 1. | Қазақстандағы тоғызқұмалақ спортының амуы. Тоғызқұмалақ ойнау ережесі. | 2 | 02.09.- 06.09.2024ж. | - Тоғызқұмалақ ойынының жалпы ережесін білу.<br>- Тоғызқұмалақты ойнау ережесін білу.<br>- Тұздықты қалай алуға болатынын білу.<br>- Отаулардан бастап жүру,бастапқы 20 жүрісті жатқа білу.<br>- Дәлдік түйін сандар дәлдігін білу.<br>- Жаттығу кезінде жеке бастың гигиенасын сақтау.<br>- Отаулардағы тастардың дәлдігін біліп отыру. | Ойын ережесін толық меңгерту.<br><br>Оқушылардың түсінбеген сұрақтары болса, жауап беру.<br><br>Дәлдік түйін сандар дәлдігін қайталап сұрап, анықтап тұру. |
| 2. | Дәлдік түйін сандар. Тұздық алу және оның маңызы. | 1 | | | |
| 3. | Жүрістерді есептеу. Атсырау. Өзара ойын тәсілдері.(ӨОТ) Ойын бастамалары. | 2 | 09.09.- 13.09.2024ж. | | |
| 4. | Ойынның ортасы.Жәй жүрістер. ӨОТ. Тұздықтардың айырмашылығы. | 1 | | | |
| 5. | Ойынның соңы. ӨОТ. Тұздық пен құмалақтың айырбасы. | 1 | 16.09.- 20.09.2024ж. | | |
| 6. | 2,3 немесе одан көп қатар байлықтың әлсіздігі. ӨОТ. Оқушылардың психологиялық дайындығы. | 2 | | | |
| 7. | Тактикалық ойын тәсілдері. ӨОТ. Спорт шеберлерінің партияларын талдау. | 2 | 23.09.- 30.09.2024ж. | | |
| 8. | Төрешілік және әдіскерлік іс-тәжірибе. ӨОТ. Басқа интелектуалды ойындар түрін үйрену. | 1 | | | |
| | **Қазан айы** | | | | |
| 9. | Тұздықтардың айырмашылығы. ӨОТ. Жүрістерді есептеу, атсырау. ӨОТ. | 2<br>1 | 01.10.- 04.10.2024ж. | -Тұздықтардың күшін және айырмашылығын білу.<br>-Басқа интеллектуалды ойын түрлерін игеру.<br>Жүрістерді есептеуді білу.<br>-Жүріске немесе тасқа ойнаудың әдісін білу.<br>- Байлықтарды дұрыс пайдалана білу. | -Жүрістерді есептеуді еске түсіріп тұру.<br>-Қатар байлықтың зиянын ескертіп отыру. |
| 10. | Байлықтарды дұрыс тарата білу. ӨОТ. Қатар байлықтардың зияны. ӨОТ. | 2<br>1 | 07.10- 11.10.2024ж. | | |
| 11. | Тұздық пен құмалақтардың айырбасы. ӨОТ. Спорт шеберлерінің партияларын талдау. ӨОТ. | 2 | 14.10.- 18.10.2024ж. | | |
| 12. | Жүріске немесе тасқа ойнау әдістері. ӨОТ. Тоғызқұмалақтың әлемдік спорттағы ролі. ӨОТ. | 1 | | | |
| 13. | Басқа интелектуалды ойындар түрін үйрету. ӨОТ. Оқушыларды жарысқа дайындау. ӨОТ. | 2 | 21.10.- 25.10.2024ж. | | |
| 14. | Өзара ойын тәсілдерімен алмасу. ӨОТ. Амалсыз тұздық немесе байлық алу. ӨОТ. | 1 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қараша айы** | | | | | |
| 15. | Ойынның ортасы, жәй жүрістер. ӨОТ. Отаулардан бастап жүру, жүрістерді жаттау. | 2 | 04.11.-08.11.2024ж. | -Құтылмас тұздыққа түсірудің әдісін білу. - Қатар байлықтарды уақытылы таратуды білу. - Соғы тастарды алудың әдіс-тәсілдерін білу. - Тоғызқұмалақты жазып ойнауды білу. - Жүрістерді есептеуді білу. | Ойын кезінде міндетті түрде ойынды жазу. Соңғы тастарды алудың әдіс-тәсілдерін еске түсіріп отыру. Қазандағы тастар мен жүрістерді міндетті түрде санап отыру. |
| 16. | Оқушылармен жеке жұмыс. ӨОТ. Жеке бастың гигиенасы.ӨОТ. | 1 | | | |
| 17. | Спорт шеберлерінің партияларын талдау. ӨОТ. Жүріске немесе тасқа ойнау әдістері. ӨОТ. | 2 | 11.11.-15.11.2024ж. | | |
| 18. | Соңғы тастарды алу әдістері: 10-6тас, 8-4тас, 5-2 тас алу. Құтылмас тұздыққа түсірудің әдісі. ӨОТ. | 1 | | | |
| 19. | Тұздықтардың айырбасы және күші. ӨОТ. Қарсыластң жүрісін қысқарту. ӨОТ. | 2 | 18.11.-22.11.2024ж. | | |
| 20. | Тоғызқұмалақты жазып ойнауды үйрену. ӨОТ. Өзара ойын тәсілдері. | 1 | | | |
| 21. | Атсырау, жүрістерді есептеу. ӨОТ. Қатар байлықты дер кезінде тарата білу. ӨОТ. | 1<br>2 | 25.11.-29.11.2024ж. | | |
| 22. | Жүрістерді санау және көбірек тісілдерін пайдалану. ӨОТ. Тоғызқұмалақтың нотациясы. ӨОТ. | | | | |
| **Желтоқсан айы** | | | | | |
| 23. | Тоғызқұмалақтағы этика және эстетика. Ойынның бастамалары, жауап жүрэстер. ӨОТ. | 2 | 02.12.-06.12.2024ж. | -Тоғызқұмалақ ойынының этика және эстетикасын білу. -Қарсыластың жүрісін қысқартуды білу. - Жүріске немесе тасқа ойнаудың әдіс-Тәсілдерін білу. -2,3 немесе одан көп байлықтың әлсіддігін білу. -Спорт шеберлерінің партияларын талдау. | Спорт шеберлерінің партияларын талдау барысында қателіктерді анықтап отыру. |
| 24. | Қарсыластың жүрісін қысқарту. Атсырау. ӨОТ. | 1 | | | |
| 25. | Ілгері және кері есептеу жолдары. ӨОТ. Байлықтарды дұрыс пайдалана білу. ӨОТ. | 2<br>1 | 09.12.-13.12.2024ж. | | |
| 26. | Жүріске немесе тасқа ойнау әдістері. ӨОТ. Ойын ортасы. Жәй жүрістер. ӨОТ. | 2 | 18.12.-20.12.2024ж. | | |
| 27. | Ойынның соңы. Жүрістерді санау. ӨОТ. Тұздықтардың күші және айырмашылығы. ӨОТ. | 1 | | | |
| 28. | Спорт шеберлерінің партияларн талдау. ӨОТ. | 1 | 30.12.-31.12.2024ж. | | |
| 29. | 2,3 немесе одан көп байлықтың әлсіздігі. ӨОТ. | 1 | | | |
| **І жарты жылдық – 47 сағат** | | | | | |
| **Қаңтар айы** | | | | | |
| 30. | Ойын кезіндегі қате жүрістермен жұмыс. ӨОТ. Байлықтарды дұрыс пайдалана білу. ӨОТ. | 2<br>1 | 13.01.-17.01.2025ж. | -Тұздықтарды дұрыс пайдалана білу. -Қарсыластың жүрісіне жауап жүрістерді жатқа білу. -Ойын барысында төрешілік етуді білу. | Ең күшті тұздықтың қай жерде екенін еске түсіріп отыру. Ойын кезіндегі жазылған партиялардың |
| 31. | Шапшаң ойындар. Сағаттармен ойнау. ӨОТ. | 1 | 20.01.-24.01.2025ж. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 32. | Жүріске немесе тасқа ойнау әдістері. ӨОТ Жүрістерді есептеу. Атсырау. ӨОТ. | 2 | | - Ойын барысындағы талас жағдайларды шешуді білу. | қателіктері үстінде жұмыс жүргізу. |
| 33. | Дәлдік түйін сандар дәлдігін білу. ӨОТ. Тұздықтардың күші. Дұрыс пайдалану. ӨОТ. | 2<br>1 | 27.01.-31.01.2025ж. | | |
| **Ақпан айы** | | | | | |
| 36. | Дәлдік түйін сандар.ӨОТ. Тұздық алу және оның маңызы. ӨОТ. | 2 | 03.02.-07.02.2025ж. | -Дәлдік түйін сандар дәлдігін білу. -Тұздық пен құмалақтың айырбасын | Тұздықты дұрыс пайдалана білу. Оқушылардың психологиялық дайындығын шыңдау. Соңғы тасдарды алудың әдістерін еске түсіріп отыру. |
| 37. | Жүрістерді есептеу. Атсырау. ӨОТ. Ойын бастамалары. ӨОТ. | 1 | | | |
| 38. | Ойынның ортасы. Жәй жүрістер. Тұздықтардың айырмашылығы. ӨОТ. | 2 | 10.02.-14.02.2025ж. | дұрыс пайдалана білу. -Соңғы тастарды қалай алу тәсілдерін білу. -Тұздықтардың | |
| 39. | Ойынның соңы. ӨОТ. Тұздық пен құмалақтың айырбасы.ӨОТ. | 1 | | | |
| 40. | 2,3 немесе одан көп байлықтың әлсіздігі. ӨОТ. Оқушылардың психологиялық дайындығы. ӨОТ. | 2 | 17.02.-21.02.2025ж | айырмашылығын анықтау. - Жүрістерді санауды және есептеуді білу. | |
| 41. | Тактикалық тәсілдер. ӨОТ. Спортшеберлерінің партияларын талдау. ӨОТ. | 1 | | | |
| 42. | Төрешілік және әдіскерлік іс-тәжрибе. ӨОТ. Басқа интеллектуалды ойындар түрін үйрену. | 2 | 24.02.-28.02.2025ж.. | | |
| 43. | Ойын бастамалары және жауап жүріс. ӨОТ. Ойын соңы және соңғы тастарды алу. ӨОТ. | 1 | | | |
| **Наурыз айы** | | | | | |
| 44. | Ойынның бастамалары, жауап жүрістер. ӨОТ. Қарсыластың жүрісін қысқарту. Атсырау. ӨОТ. | 2 | 03.03.-07.03.2025ж. | -Қателіктер үстінде жұмыс. -Спорт шеберлерінің партияларын талдау. -Ойын барысында төрешілік ету мен хаттамаларды толтыруды білу. -Байлықтарды дұрыс пайдалана білу.Жүріс- ке немесе тасқа ойнаудың әдіс тәсілдерін білу. | Оқушылардың ойын барысында жіберген кемшіліктері үстінде жұмыс жасау. Ойын соңының маңызын түсіндіру. Төрешілік ету мен хаттамаларды толтырудың ережесін еске түсіру. |
| 45. | Ілгері және кері есептеу жолдары. ӨОТ. Байлықтарды дұрыс пайдалана білу. ӨОТ. | 1 | | | |
| 46. | Жүріске немесе тасқа ойнау әдістері. ӨОТ. Ойын ортасы. Жәй жүрістер. ӨОТ. | 2 | 10.03.-14.03.2025ж. | | |
| 47. | Ойынның соңы. Жүрістерді санау. ӨОТ. Тұздықтардың күші және айырмашылығы. ӨОТ. | 2 | | | |
| 48. | Спорт шеберлерінің партияларян талдау. ӨОТ. 2,3 немесе одан көп байлықтың әлсіздігі. ӨОТ. | 2 | 17.03.-20.03.2025ж. | | |
| 49. | Оқушылармен жеке жұмыс. ӨОТ. Спорт шеберлерінің партияларян талдау. ӨОТ. | 1 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сәуір айы** | | | | | |
| 50. | Отаулардан бастап жүру, жүрістерді жаттау.<br>Оқушылармен жеке жұмыс. ӨОТ. | 2 | 01.04.-<br>04.04.2025ж. | -Отаулардан бастап жүру және оған жауап жүріс.<br>-Атсырау және жүрістерді есептеуді білу.<br>- Қатар байлықты дер кезінде таратуды білу.<br>-Жүрістердің ең көп жағдайын есептеуді білу.<br>-Қарсыластың<br>жүрісін қысқартуды білу.<br>-Құтылмас тұздыққа түсірудің әдісін білу. | Оқушылардың түсінбеген сұрақтары болса, жауап беру.<br>Дәлдік түйін сандар дәлдігін қайталап сұрап анықтап тұру.<br>Соңғы тастарды алудың әдістерін еске түсіріп отыру. |
| 51. | Жеке бастың гигиенасы. ӨОТ.<br>Спорт шеберлерінің партияларян талдау. ӨОТ. | 1 | | | |
| 52. | Жүріске немесе тасқа ойнау тәсілдері. ӨОТ.<br>Соңғы тастару. ӨОТ.ды алу әдістері: 10-6тас,8-4тас,5-2тас алу | 2 | 07.04.-<br>11.04.2025ж. | | |
| 53. | Құтылмас тұздыққа түсірудің әдісі. ӨОТ.<br>Тұздықтардың айырбасы және күші. ӨОТ. | 1 | | | |
| 54. | Қарсыластың жүрісін қысқарту. ӨОТ.<br>Тоғызқұмалақты жазып ойнауды үйрету. ӨОТ. | 2 | 14.04.-<br>18.04.2025ж. | | |
| 55. | Өзара ойын тәсілдері.<br>Атсырау, жүрістерді есептеу. ӨОТ. | 1 | | | |
| 56. | Қатар байлықты дер кезінде тарата білу. ӨОТ.<br>Жүрістерді санау және көп жүріс тәсілін пайдалану. ӨОТ. | 2 | 21.04.-<br>25.04.2025ж. | | |
| 57. | Тоғызқұмалақтың нотациясы. ӨОТ.<br>Оқушылармен жеке жұмыс. ӨОТ. | 1 | | | |
| 58. | Тұздық пен құмалақтардың айырбасы. ӨОТ.<br>Спорт шеберлерінің партияларын талдау. ӨОТ. | 2<br>1 | 28.04.-<br>30.04.2025ж. | | |
| **Мамыр айы** | | | | | |
| 59. | Ойын соңы және соңғы тастарды алу. ӨОТ.<br>Қарсыластың жүрісін қысқарту. ӨОТ. | 1<br>1 | 05.05.-<br>08.05.2025ж. | -Дәлдік түйін сандар дәлдігін білу.<br>-Екі жақтамалы соққыға түсіру.<br>-Жарыстарды ұйымдастыруды білу.<br>-Төрешілік және әдіскерлік практиканы білу. | Оқушылардың ойын барысындағы жіберген кемшіліктері үстінде жұмыс жасау.<br>Ойын соңының маңызын түсіндіру. |
| 60. | Дәлдік түйін сандар дәлдігі. ӨОТ.<br>Байлықтар дұрыс пайдалана білу. ӨОТ. | 2 | 12.05.-<br>16.05.2025ж. | | |
| 61. | Жарыстарды ұйымдастыру.<br>Хаттамаларды толтыру.<br>Оқушылармен жеке жұмыс. ӨОТ. | 1 | | | |
| 62. | Төрешілік және әдіскерлік тәжірибе. ӨОТ.<br>Басқа интеллектуалды ойындар түрін үйрену. | 2 | 19.05.-<br>23.05.2025ж. | | |
| 63. | Қатар байлықты дер кезінде тарата білу. ӨОТ.<br>Төрешілік және әдіскерлік тәжірибе. ӨОТ. | 1 | | | |
| **II жарты жылдық- 55 сағат; Барлығы – 102 сағат** | | | | | |

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Ахметов Н.А., Бекбергенова Ж.Е. «Тоғызқұмалақ ойының әдіс тәсілдері», әдістемелік нұсқау. Тараз: - Тараз университеті. 2018ж, – 35 б.

2. «Қазақтың ұлттық ойындарының бірі-тоғызқұмалақ» Жамантай Н.Қ

3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы, «Рауан», 1993ж.

4. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Қайнар» , 1994ж.

5. Әбдіқадіров Д.Р. , Чныбаев М.М. Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны. –Алматы, 2011ж.

6. Шотаев М., Жұмабаев Н., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалақ. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2004ж.

7. Түркологиялық зерттеулер. Жауапты редактор Сағидолда Г. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 560 б.


Үйірме жетекшісі: Беркинбаев Т.А.